

**«Көңіл құсы»
киізден
панно**

Қырықбай Ақерке Ақылжанқызы

«Сценография және сәндік өнер»
кафедрасы
КӨРКЕМСУРЕТ ФАКУЛЬТЕТІ

Мамандық: 5B041700 «Сәндік өнер»
Мамандандыру: көркем тоқыма

Жетекшісі: оқытушы Самарканова Ф. С

○ **Өзектілігі:**

- Соңғы уақытта киіз басу техникасы бұрын қолданылмайтын фактуралар мен көлемді нысандарды жасауға мүмкіндіктерді беретін жұмыстың жаңа тәсілдерімен байытылып келуде. Жүнді ыстық судан кейін сабынды ерітіндімен немесе сүт сарысуымен де сулау тәсілі және қазіргі таңда жүн талшығының ерекше формадағы қасиетін иненің көмегімен дымқыл түрдегі тәсілдердің есебінен жүзеге асырылған шығармаларды байыту.
- Қолөнеріміздің қазіргі заман талабына сай күнделікті өмірде қолданылуын зерттеп, кеңінен жаңғырту. Интерьерге арналған панноны жасап шығару. Абай өлеңіне сүйене отырып жаңаша көз қарастағы киізден панно басып шығару өнерін тұрақты түрде дамуын қарастыру. Сәндік-қолданбалы өнердің халық арасында кәсіпшіліктің қалыптасуымен қазіргі заман талабына сай сақталып келгеніне назар аудару. Көнешілділік пен жаңашылдықтың арақатынасынан пайда болатын туындының жастарға немесе өнерді сүйе білетін азаматтардың ойына себепкер ретінде жасап шығару мәселесі тереңірек зерттелген.

○ **Жаңашылдық:**

- Адам санасының құндылығын сәндік қолданбалы өнер саласында терең мазмұнға ие философиялық тақырыптық картина жанрын дамыту.
- Салт-дәстүрімізбен әдебиетімізге жаңашылдық алып келу жалпы шеберліктің, таланттың, ынтаның үлкен жемісі. Ерекшеліктерімізді сақтай отырып өнердің өрісін кеңейте білу қазіргі заман талабының бір бөлігі.
- Ұстаның қолынан шыққан өнер туындының көпшіліктің сұранысына ілігуіне себепкер болуы. Тоқу өнерін қалыптастыру барысында көне қолөнерге деген сүйіспеншілікті, алтын ғасырларымыздан келе жатқан бұйымдарымызды бағалай білуге, заман талабына сай өзгешіліктерді жеткізе отырып бағалау.


Абай өлеңінен алған әсер:

Абайдың өлеңдерінің ішінде 38 жолдан тұратын көлемді шығармасының бірі «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа» өлеңі ойға түрткі салды.

«Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа,
Адам ойы түрленіп ауған шақта.
Салған ән - көлеңкесі сол көңілдің,
Тақтысына билесін ол құлаққа...»

деп басталатын бұл өлең жолдарын бірінші рет оқығаннан ақ үлке әсерге бөленуге болады. Абайды суретші, дана классик ретінде толық бағалай отырып өз халқына деген қасиетті жақтарынан көреміз

«Көңіл құсы» өлеңінің шумақтары маған әсер бере білді. Сол сәтте бастап адамның ойлау қабілетіне осы өлең жолдарынан жақсы, жаман, жүрек лүпілі, өмірге қатысы бар екенін ұғуға серпін берді. Абай өлеңдерімен өскен мына ұрпақ өзін мақтан тұту керек. Өлеңді оқып шы сәттен бастап алған әсерді қағаз бетіне түсіруге себеп болды. Қазақтың мен күйіне үлкен үлесін қосқан осы өлең арқылы қолөнер туындысымен байланыстыра отырып жасалатын бұл шығарманың басты идеясы осы білемін. Жасалынған нобайдың дәстүрлі қолөнердің көркемдік киіз басу техникасымен жасап шығаруға үлкен сенімділік туғызды.



«Көңіл құсы» тақырыбына арналған.
Ізденіс барысы.



«Көңіл құсы» киізден
панносына таңдалған нобай.
Сырмақ техникасы бойынша
басылатын киіз.





Фрагменттер



«Көңіл қусы» киізден панно

